

№23 Ынтымақ бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы: «Сипаты бойынша таны»



Ортаңғы «Балдәурен» тобы

Өткізген: Құсайнова.С.

2022 жыл

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Сипаты бойынша таны»

Мақсаты.Білімділігі: Ойыншықты сипаттау арқылы қысқа әңгіме құрастыра білуге,және сұраққа толық жауап беруге үйрету.

Дамытушылығы: Ойыншықтарды сипаттау арқылы сөздік қорларын толықтыру.Сөзді анық айтып,дұрыс сөйлей білуге баулу.

Тәрбиелігі: Ойыншықтармен қалай ойнау керектігін түсіндіру,ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.Эстетикалық талғамдарын арттыру.

Көрнекілігі: Ойыншықтар,тақпақтақтар,слайд.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру,көрсету,әңгімелеу,сұрақ-жауап,ойындар,мнемокесте.

Жүру барысы:

Шаттық шеңбері.

Шеңбер болып тұрайық

Алақанды ашайық.

Күннен жылу алайық,

Жүрекке жылу салайық.

Жиналған жылы шуақты

Бір-бірімізге сыйлайық.

Жарайсыңдар,балалар.Орнымызға отырайық.

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем

-Көктем мезгілінің неше айы бар?

-Көктем мезгілінің үш айы бар.

-Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?

-Күн жылынады,ағаштар бүршік атады,құстар жылы жаққа ұшып келеді.Балалар құстарға ұя жасап қарсы алады.Аулаға ағаш отырғызамыз,гүлдер егеміз.

Дұрыс айтасыңдар.Балалар үстелдің үстінде тұрған нелер?

- Ойыншықтар.

-Сендердің ойыншықтарың бар ма?

-Иә,бар

-Сендер ойыншықпен ойнағанды жақсы көресіңдер ме?

-Иә,жақсы көреміз.

Олай болса,сендерге ойыншықтың қалай жасалатынын айтып берейін.

Ойыншықтар арнайы фабрикада жасалады.Онда көптеген ересек адамдар жұмыс жасайды.Фабрикада дайындалып дүкен сөрелеріне түседі.Біз ойыншықтарды дүкеннен сатып аламыз.Ойыншықтар жасалуына қарай бірнеше түрге бөлінеді.

Пластмассадан,матадан,ағаштан,резинадан жасалады.Олар қатты,жұмсақ болып бөлінеді.

Мыс: матадан жасалған ойыншықтар жұмсақ болады.Оған қуыршақ,тышқан,аю т.б

Пластмассадан жасалған ойыншыққа машина,пирамида,ыдыстар жатады.Олар қатты болады.

Машинамен ер балалар,ыдыстармен қыздар ойнайды.

Резинадан жасалған ойыншыққа доп жатады.Бұлар жұмсақ болады.Доппен ұлдар да,қыздар да ойнайды.

Ағаштан жасалған ойыншыққа матрешка, домбыра, күнделікті ойнап жүрген ойыншықтар жатады. Бұлар да қатты болады.

Бұл ойыншықтар үлкендер еңбегімен жасалғандықтан сындырмай, кірлетпей, ұқыпты, таза ұстап, ойнап болғаннан кейін орнына жинап қою керек.

Балалар өткен оқу қызметтерінде ойыншықтар туралы тақпақтар жаттап едік кім айтады?

Тақпақтар

Ойыншықтарым көп менің

Бәрін жақсы көремін.

Кешке дейін жалықпай

Бірге ойнап жүремін.

Күшік, мысық, балапан

Қуыршағым балақан.

Қане, бәрің тұрыңдар

Ойын сауық құрыңдар.

Ғажайып сәт. (Маша кіреді)

-Сәлеметсіңдер ме, балалар!

-Сәлеметсің бе, Маша.

-Балалар сендердің ойыншықтар туралы айтып жатқандарыңды естіп, мен де үйренейін деп келдім. Менде көп ойыншықтар бар. Бірақ оның қалай аталатынын, неден жасалғанын, кімге арналған ойыншық екенін білмеймін. Аюдан басқа достарым да жоқ.

Тәрбиеші: Маша сен, ренжіме, балалар Машаға көмектесеміз бе? Әрине көмектесеміз.

Қане, Машада қандай ойыншықтар бар екенін көрейік

(доп, балапан, мысық, машина, қуыршақ).

Балалар сипаттайды:

Бұл- доп, дөңгелек, резинадан жасалған, жұмсақ, доппен ұлдар да, қыздар да ойнайды.

Менің добым бар. Достарыммен бірге доппен ойнаймын.

Бұл- машина пластмассадан жасалған, қатты, машинамен ер балалар ойнайды. Менің

машинам бар. Оны әкем сатып әкелді. Достарыммен бірге машинамен

ойнаймын. Машинамды сындырмай, ұқыпты ұстаймын.

Қуыршақ- матадан жасалған, жұмсақ, оның әдемі көйлегі бар, қуыршақпен қыздар

ойнайды. Менің әдемі қуыршағым бар. Қуыршағымды кірлетпей таза ұстаймын, ойнап

болғаннан кейін орнына жинап қоямын. Оны анам сатып әкелді.

Мысық- матадан жасалған, жұмсақ, мысықтың баласын марғау дейміз, ол сүт ішеді, ойнағанда жақсы көреді.

Балапан- түсі сап-сары, кішкентай, ол жұмыртқадан шығады, жерден жәндіктерді теріп жейді.

Тәрбиеші: Маша ойыншықтардың неден жасалатынын, қалай аталатынын, кімге

арналған ойыншық екенін түсіндің бе?

Маша: рахмет, балалар сендер көп біледі екенсіңдер, мен көп үйрендім, көп білім алдым

Сергіту сәті.

Дидактикалық ойын:»Кімнің ойыншығы»

Шарты: ұл мен қыздың ойыншықтарын ажырату және ортақ ойыншықтарды табу.

Дидактикалық ойын:»Көлеңкесін табу»

Шарты:Балалардың алдына берілген үлестірмелі ойыншықтар суреттерін көлеңкесімен сәйкестендіру.

Маша: Балалар ойыншықтар туралы көп біледі екенсіңдер.Мен көп үйрендім,көп білім алдым.Алған білімімді аюға да үйретемін.Аю мені іздеп қалған шығар мен кетейін,сау болындар.

Қорытынды:Балалар,біз не туралы айттық?

-Ойыншықтар.

-Ойыншықтар неден жасалған?

-матадан,пластмассадан,ағаштан,резинадан

Мнемокесте. Біздер де бар қуыршақ

Бұзау,қозы,құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды,

Ақыл айтсақ,бұйырсақ.

Мадақтау.